

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Қиялдай алмасаң, қияға шықпайсың

ЖАРИЯЛАНДЫ
18.09.2024СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/163684/

Алматы облысы білім басқармасының «Еңбекшіқазақ ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі «А.Бубенцов атындағы орта мектеп- мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ-нің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Дамба Саранчимэг

Қиялдай алмасаң, қияға шықпайсың

Біз «бар жақсылық — балаларға», «балалар біздің болашағымыз» дегенді жай ғана айта салмауымыз керек. Бала болашағының жарқын болуы үшін әрбір адам өз үлесін қосу керек деп ойлаймын. Сол себепті ұстаздар қауымы оқушыға тек білім беріп қана қоймай, дұрыс тәрбие, нақты бағыт-бағдар мен дамудың даңғыл жолына апаратын дағдыларды бойына жастайынан сіңіруді көздеуіміз аса маңызды деп есептеймін.

«Қиялдай білмесең, қияға шықпайсың» деп атам қазақ ежелден-ақ айтып кеткен, сондықтан қазіргі ғылыми -техникалық прогрестің қарқынды дамып жатқан заманында біз де өз тарапымыздан заман көшінен қалмаудың жолдарын қарастыруымыз қажет. Осы тұрғыда ғылыми-прогрестен қалмаудың, соған ілесудің бірден бір жолы бала қиялын дамыту болып табылады. Бала қиялын дамытуда халық ауыз әдебиеті үлгілерінің ішіндегі ертегілер, аңыз әңгімелер мен қисса, дастандар, сонымен қатар фантастикалық жанрда жазылған шығармаларды оқытудың пайдасы зор екендігі белгілі. Ал осындай шығармаларды оқып, сусындаған балалардың қиялына қанат бітіп, жаңалық ашуға, ғажайып әлемнің сырын ашуға бейім болады. Қазіргі жаңа технологияның қарқынды дамып жатқан заманда балаларға тек білім беру аздық етеді, олардың қиялына қанат бітіру жолдарын ұсынып, оны ары дамытар болсақ, болашақта инновациялық технологияларды өмірге келтіретіні даусыз.

Мектеп оқушыларының ертегі, аңыз, қисса-дастандар және де фантастикалық жанрдағы шығармаларға деген қызығушылығын оятып, ұшқыр қиялға, креативті ойлауға баулу қажет. Қиялға қанат бітіретін осынау шығармалар жас оқырмандардың

арман-қиялын ұштап қана қоймай, өз заманынан озып туған азамат ретінде тың жаңалық ашуға жол ашары сөзсіз.

Оқушыларды сабақ барысында және элективті курс аясында халық ауыз әдебиеті үлгілерінің ішіндегі ертегі, аңыз, қисса-дастандар мен әлемдік және қазақ балалар әдебиетіндегі фантастикалық жанрда қалам тербеген жазушылардың шығармаларымен тереңірек таныстырып, қиял-ғажайып жанрында комикс салып, ертегі, әңгіме, шығарма, эссе жаздырып, зерттеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік берілуі керек.

Дамыған елдерде, атап айтар болсақ, Америка мектептерінде оқушылардың қиялын дамытуға өте үлкен күш жұмсалады, олар мектеп оқушыларының қиялын дамыту үшін өнерге және кітап оқуға баулиды. Америка мектептері Эйнштейннің «Қиял білімнен маңызды, себебі білім шектеулі» деген ұстанымын басшылыққа ала отырып, балалардың қиял әлемін дамытуға күш салады. Осылайшы АҚШ әлемді таңқалдыратын тың идеялар мен жаңалықтар отанына айналып отыр. Біз де мектеп оқушыларының қиялына қанат қанат бітіріп, оларды болашақта жаңалық ашуға бейім етіп тәрбиелеуіміз қажет дегенді білдіреді.

Бала қиялын ерте жастан дамыту керек екендігі белгілі, дегенмен, жасөспірім кезінде де олардың қызығушылығын кітап оқуға, оның ішінде фантастикалық, детектив жанрдағы шығармаларды оқуға тартар болсақ, осы арқылы оқушылардың ой-саналарының тереңінде көміліп жатқан қиялын ұштауға мүмкіндік туады деген ойдамын. Ойы шапшаң, қиялы ұшқыр оқушы тек кітапқұмар ғана емес, дамушы елімізді алға сүйрейтін болашақ ғалымдарының бірі болары сөзсіз.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.